



**2024-2025 оқу жылы бойынша
мектеп кітапханасының талдау
жұмысы**

2024-2025 оқу жылы бойынша мектеп кітапханасының жылдық есебі

№34 орта мектебінің кітапханасында 1 кітапхана меңгерушісі Алпамыс Нұрсезім Алпамысқызықызы. Білімі жоғары кітапханашы мамандығы. Осы мектепте 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап жұмыс жасап келеді.

Мектеп кітапханасының проблемасы: «Оқушылардың шығармашылық, ізденгіштік қабілетін арттыру» проблемасымен жұмыс жасайды.

Мақсаты: «Мектеп педагог қызметкерлерінің кәсіптік шеберлігін көтеруге көмектесу».

Міндеттері:

Оқырмандардың өз бетінші білім алуына, түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге үйрету;

Оқырмандардың ақпараттық мәдениеттілігін дамыту;

Оқырмандардың ақпарат көздерін тиімді пайдалануға жағдай жасау.

Мектеп кітапханасы I қабатта (жалпы көлемі-50 шаршы метр) кітап қоймасы жоқ.

Кітапханада кітап сөрелері ережеге сай орналастырылған, 13 кітап сөресі(екі жақты), 1 оқырмандар столы (12 оқырмандарға арналған) , 16 орындық қойылған.

Тематикалық 1 жантайма сөре, 12 тіке сөре бар. 24 ұялы 1 каталог жәшігі (алфавиттік, көркем әдебиет, оқулықтар/ класс бойынша картотекалар) бар. Кітапхана құжаттары индекс бойынша қойылып, папкаларға салынған.

Негізгі көрсеткіштер	2021-2022	2022-2023	2023-2024	2024-2025
Оқырмандар	710	700	620	550
Оқушылар	595	575	588	518
Оқытушылар	56	50	52	49
Кітап қоры	19187	19187	19190	20614
Оқулықтар	10010	10030	10050	12730
Әдістемеліктер	177	150	170	170
Кітаптың берілуі	80	90	95	99
Кітап қорының айналымы	0,7	0,9	0,9	0,9
Оқулықпен қамтылуы	80%	90%	95%	99%
Электронды оқулықтар	13	13	13	52
Оқырмандар саны	710	700	720	620

Оқырмандар саны

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы №173 қаулысына сай мектепте 32-аз қамтылған , 76-көп балалы , 8-мүгедек, 0 - қамқорлық және қорғаншылықтағы , барлығы-32 әлеуметтік көмекті қажет ететін мектеп оқушылары оқулықпен қамтылды.

Жылдық жоспар мектеп директорының қолымен, мөрімен бекітіледі. Оқырмандар формуляры 25класс/комплект оқушыларына толтырылып, формулярлар жыл сайын класына байланысты жаңартылып, кластың рет санымен , мектеп қызметкерлерінің оқырман формуляры алфавиттік ретпен орналастырылады.

Оқушылардың мектепшілік кітапхана қорынан және кітаптармен жеке қолдануды қамтамасыз ету 100 % құрайды:

* Ата-аналар есебінен оқулықтармен қамтамасыз ету құрайды –0%

* Кітапхана қорынан оқулықтармен қамтамасыз ету құрайды - 100%


Кітапхана оқырмандарымен жұмыс тиынақты жүргізіледі. Оқырмандарға «Туған жерім-тұғырым, туған тілім-ғұмырым», Отбасы-шабыт көзі, «Ғасырдың кремет азаматы», «Тәуелсіздік-елімнің еркін жолы» т.б. тематикалық полкалар эстетикалық талғамға сай жасақталды. Әрбір өтілген іс-шаралардың бағдарламалары, көрнекі материалдарды папкаларға тігіледі.

Мектеп кітапханасы мен мұғалімдер және оқушылар арасында тығыз байланыс орнатылған. 2024-2025 оқу жылында 1-11 класс оқушыларының барлығы оқулықпен қамтамасыз етілді.


Тамыз айында 2024-2025 оқу жылына мектебіміздің оқушыларына оқулықтар таратылды.



5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күні» мерекесіне орай «Тіл-бабалар мұрасы» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Қазан айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кітапхана әлеміне саяхат» тақырыбында мектеп кітапханасына экскурсия жасалды.



25 қазан – Республика күні қарсаңында мектебіміздің кітапханасында «Тәуелсіздік - елімнің еркін жолы» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды.




Қараша айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектебіміздің кітапханасында «Жақсы кітап-жан азығы» тақырыбында кітап оқу сағаты өткізілді.




Қараша айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Балалар әдебиетінің бәйтерегі-Бердібек Соқпақбаев» тақырыбында Б.Соқпақбаевтың өмір жолы мен еңбектеріне шолу жасалып кітап көрмесі ұйымдастырылды.



Қараша айында “Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында, мектеп кітапханасында оқушылар арасында «Оқуға арналған үзіліс» атты күнделікті 10 минуттық кітап оқу жұмысы ұйымдастырылды.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 1 класс оқушылары арасында «Әжемнің ертегісі» тақырыбында оқушылар әжелерімен бірге кітап оқу челленджі ұйымдастырылды.



Желтоқсан айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебіміздің кітапханасында оқушылардың кітапханаға, кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Білім көзі-кітапта» тақырыбында кітап көрмесі өтті.



16 желтоқсан-Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне орай «Тәуелсіздік белестері» тақырыбында мектебіміздің кітапханасында кітап көрмесі ұйымдастырылды.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында оқушылармен ой бөлісу, диалог ұйымдастырылды.



Желтоқсан айында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылды.




Қысқы демалыс уақытында мектеп кітапханасында оқушылардың өз ойын еркін жеткізуге, ой-өрісін дамытуға, оларды зеректілікке, тапқырлыққа, сөйлеу мәдениеттілігіне тәрбиелеу мақсатында «АQYЛ майдан» тақырыбында интеллектуалдық ойын өткізілді.




Қысқы демалыс уақытында мектеп кітапханасында оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру, интернеттің зияны мен пайдасы туралы өз ойларымен бөлісу, бос уақытында кітап оқуды қалыптастыру мақсатында «Интернет кітапты алмастыра ала ма?» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.




Қысқы демалыс уақытында кітап оқып, уақытын көңілді өткізу мақсатында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» тақырыбында кітап оқу жұмысы ұйымдастырылды.




Қаңтар айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқу жұмысы ұйымдастырылды.



Әр апта сайын оқулықтардың тазалығын, ұқыпты ұсталуы мақсатында оқушылардың оқулықтары тексеріледі.




Шоқан Уәлихановтың туғанына 190 жыл толуына орай «Қазақтың көрнекті ғалым-Шоқан Уәлиханов» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.



14 ақпан-Халықаралық кітап сыйлау күніне орай, мектебіміздің кітапханасында іс-шара ұйымдастырылды. Мереке қарсаңында мектебіміздің мұғалімдері, ата-аналар мен оқушылары кітаптар сыйға ұсынды.




«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Абай даналығы халық мұрасы» челленджі бойынша Абай Құнанбаевтың туғанына 180жыл толуына орай өлеңдерін мәнерлеп оқу жұмысы ұйымдастырылды.




17 наурыз-Мәдениет пен Ұлттық салт-дәстүр күні «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы және «Балалар кітапханасы» жобасын үндестіру мақсатында «Автормен кітап оқимыз» тақырыбында ақын Ершат Қайболдин және Жұлдыз Қазиханқызымен кездесіп, сұхбат алынды.



22 наурыз «Ұлыстың ұлы күні» наурызға арналған «Наурызнама» жоспары бойынша «Өнегелі 15 минут» шарасы өткізілді.



23 сәуір – Ұлттық кітап күніне орай Абай Құнанбаевтың өмір жолы мен еңбегіне шолу жасалып, оқушыларға кітап оқуды насихаттау жұмысы ұйымдастырылды.



«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толуына орай «Әлия-батыр қызы сен халқымның» тақырыбында ақпараттық сағат ұйымдастырылды.

